2013 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық сомасы 97,3 млрд. теңгені құрайды. Бұл 2013 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 11,6% кем. Тұрғын үйге қолжетімділікті қарастыратын болсақ, 2007 жылдан бастап жалпы Қазақстан бойынша тұрғын үйге қолжетімділіктің арту қарқыны сезіледі. Егер 2007 жылдың аяғында тұрғын үйге қолжетімділік көрсеткіші шамамен 7 жыл болса, 2011 жылдың аяғына қарай ол 4 жылға дейін қысқарды, бұл: «күрделі қолжетімді тұрғын үй» санатынан «орташа қолжетімді тұрғын үй» санатына ауысу көрсеткіші. 2007 жылмен салыстырғанда жағдай айтарлықтай жақсарғанына қарамастан, Алматы қаласында тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенттері жоғары деңгейде қалып отыр. 2013 жылы тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенті Астана қаласында 3,5, Алматы қаласында 4,1 деңгейде болып отыр.

Бүгінгі күні тұрғын үй құрылысында Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011-2014 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылып жатыр.

2011-2014 жылдарға арналған бағдарламада тұрғын үй құрылысының негізгі қағидаттары және жергілікті атқарушы органдардың және тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің қатысуымен тұрғын үй салуы және сатуы, құрылысты қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыру бағыттары белгіленген, жалға берілетін тұрғын үйді салу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тартуды ынталандыру жалғасып жатыр.

Жылжымайтын мүлік экономикасының проблемалары кең ауқымды және күрделі мәселелер жиынтығын қамтиды. Нарықтық экономика жағдайында жылжымайтын мүлік экономикасының жалпы мәселелері, оларды шешу, жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі бірқатар сұрақтары туындайды. Экономикасы дамыған елдерде жылжымайтын мүлікті бағалы және пайдалы, көпжылдық қолданыста болуы, оның тиімділігін дәлелдеген жылжымайтын мүлікті сараптау мен бағалау әдістері жасалған [4, 65б.].

Қазақстан Республикасындағы макроэкономикалық жағдай, халыққа енді жекелеген коммерциялық банктердің немесе аймақтардың бастамасы ретінде емес ұзақ мерзімді тұрғын үй несиесін беруді дамытудың маңыздылығын арттыра түсуде.

Тұрғын үй нарығын дамытуға мемлекеттік, жергілікті органдар, банктік қаржы ұйымдары, ірі кәсіпорындар және т.б. мекемелер өз үлестерін қосуда, ал олардың қызметінің нарықта ұтымды жүргізілуі экономикалық дамуға оң әсер береді және экономиканың басқа да салаларына өз ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, 17 қаңтар 2014 ж.

2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылы 27 қаңтар;

3. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

4. Байгісиев М.Қ. «Жылжымайтын мүлік экономикасы», оқулық, Қазақ университеті, Алматы, 2003 – 130б.

А.М. Джумабаева

НЫНЕСННЕЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ РЫНКА НЕДВИЖИМОСТИ КАЗАХСТАНА

В статье рассматривается на сегодняшний день в Казахстане один из острых вопросов, затрагивающие интересы огромного количества людей, являются тенденции развития рынка недвижимости.

Ключевые слова: недвижимое имущество, государственная политика, доступное жилье, ипотека, сберегательный фонд.

А.М. Dzhumabaeva

IMPROVING OF MARKET OF THE REAL ESTATE OF KAZAKHSTAN IN PRESENT DAYS

In the article examined to date in Kazakhstan one of sharp questions, affecting interests of enormous amount of people, there are progress of property market trends.

Key words: real estate, public policy, accessible accommodation, mortgage, savings fund.

ӘОЖ 336.76.(574)

Жұмабаева А.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Андатпа

Мақалада Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту үшін шағын және орта бизнес сферасындағы экономикалық саясаттың жүзеге асуы негізінде туындайтын мәселелерді шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: инновациялық әлеует, кәсіпкерлік, салық саясаты, экономикалық саясат, несие, кепілдік.

Шағын және орта бизнес – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол адамдардың өзіне деген сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Ел экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие болатын шағын және орта бизнес екендігі баршамызға белгілі. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл – нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің әрекеттері монополияландырылған ортаның қарсылығына тап болуда. Ал монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдардың бірі – шағын және орта бизнесті дамыту. Шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын қолданбай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Нақты айтқанда, жұмыссыздықты жоюда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, рынокты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде, депрессияны бастан кешіріп отырған жекелеген аудандарды қалпына келтіруде шағын кәсіпкерлікпен айналысу негізгі фактор болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез-келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, осы белгілі фактор мемлекеттің экономикалық дамуындағы күре тамырына айналып отыр [1].

Қазіргі кезде жаңа принциптегі техника мен технология жасалынып, өндіріске кеңінен енгізілуде. Осының арқасында қоғамдық өндірісті дамытуда ғылымның рөлі арта бермек. Болашақтағы өндірістік қалдықты аз шығаратын немесе қалдықсыз технология болмақ. Бұл шикізатты үнемдеуге және экологияны таза ұстауға көмектеседі. Алдағы уақытта экономикасы дамыған 30 елдің қатарында болу үшін экономика білімі мен ғылымның негізінде дамуы тиіс. Өйткені, бүкіл әлем ғалымдары өз салаларының озық және ең тиімді жолдарын өндіріске енгізуге талпынуда. Себебі, дамудың тиімді жағының бірі, ол өндірісті ұйымдастырудың кластерлік даму формасының өзектілігі, осылай даму арқылы болғанын қалайды.

Қазақстан «Бизнесті жүргізу – 2012 (Doing Business)» рейтингіде 47-орынды иеленді. Қазақстанның инновациялық әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігі 183 елдің арасында Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша орта деңгейден төмен. Қазақстан экономикасы үшін үздік технологияларды пайдаланудың жеткіліксіздігі, басқарушылық тәжірибесінің төмен деңгейі, менеджерлердің басым көпшілігінің техникалық дағдысының шектеулігі, қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі және түрлі әкімшілік кедергілермен сипатталады.

ШОБ-тің құрамдас бөлігінің бірі – бизнес инкубаторлары болып табылады. Бизнес инкубаторлар арқылы кәсіпкерлік ортаның дамуына ықпал ететін нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы орын алды. Қазіргі уақытта бизнес инкубаторлар 10 облыста құрылған. Жалпы елде 31 бизнес инкубаторлар қызмет атқаруда. Соңғы жылдары, бизнес инкубаторлар территориясында өндірістің түрлі саласында 200-ден астам кәсіпорындар әрекет етуде.

Елбасымыз орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту керектігі жайлы осы уақытқа дейінгі Үкімет құрамының барлығына дерлік тапсырма беріп келгені баршаға аян. Әр кезеңде билік басында болған Үкіметтеріміз дәл осы салаға қатысты мемлекет

басшысының тапсырмаларынан кенде болған жоқ. Десек те, тапсырманың орындалуы көңіл көншітпейді. Әлемнің барлық нарықтық мемлекеттерінде шағын және орта бизнес ұлттық экономиканың 70-80 пайызын еншілесе, ал бізде бұл сала әлі 20 пайызға жете қойған жоқ.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген. Осы басымдықтың бесінші бағытында:

«Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түседі. Бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістетуге тиіспіз. Шағын және орта бизнес – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс.

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын тетіктерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Елбасы Үкіметке индустрияландырудың екінші бесжылдығы жоспарын «Бизнес-2020» жол картасымен үйлестіруді тапсырды. Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысын жаңа бастаған бизнесмендерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін жасауы керек», – екенін нақтылай айтты [2].

Сонымен, соңғы кездері ШОБ-ті қолдауды және дамытуды реттейтін заңнамалық және нормативтік база құрылды. Кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың бұрынғы мемлекеттік бағдарламаларын талдау оларды іске асыру республикада кәсіпкерлік секторды қалыптастыруға және дамытуға оң әсер еткенін көрсетті. Нарықтық реформалар жылдарында кәсіпкерлік сектор қоғамда елеулі орынға ие болды. Ресми статистика деректері бойынша республикада осы сектор дамуының оң серпіні, ШОБ субъектілерінің тұрақты өсуі 2012 жылы 591,5 мың шағын кәсіпкерлік субъектілері есепке алынған, оларда шамамен 1,8 миллион адам жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндердің үлес салмағы жалпы санының 17,6%-ын құрайды. Шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтіндердің ең көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында белгіленген – 237083 адам, Алматы қаласында – 216303 адам, Алматы облысында – 178874 адам. Ең азы Қызылорда облысында – 40785 адам.

Шағын және орта бизнес алдында тұрған проблемалардың жеткілікті екендігі анықталды және олар терең ғылыми ізденісті талап етеді. ШОБ-тің дамуына кері әсер ететін бірқатар факторларды былайша топтауға болады:

Қазақстан нарығында шағын кәсіпорындардың тиімді қызмет етуіне кедергі болып отырған мәселелердің бірі – салық саясаты. Қазақстандағы ШОБ-ті дамыту факторларын атайтын болсақ, онда мына төмендегі жағдайды көруге болады. Аталған мәселелерді салық заңнамасында шешу үшін мыналар қажетті болып келеді:

1. Жаңа өндірістік – инновациялық кәсіпорындарға салық салудың жеңілдетілген режимін енгізу;

2. Өндірістік сектордағы кәсіпорындардың несиені өтеу кезінде салық салу процедурасын қайта қарау;

3. Ынталандырушы салық режимін орындау жолымен шағын бизнеске жанама қаржылық талдау көрсету;

4. Салық саясаты шағын кәсіпкерлік субъектілер санының өсуін ынталандырушы, жұмыс орындарының өсуіне, өндірілген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің экономикалық реттеушісі болуы керек.

Шағын бизнес субъектілерінің жұмысына кедергі болатын мәселелердің екінші түрі: жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы. Яғни, АҚШ доллары бағамының тез өзгеретіндігі, макроэкономикалық жағымсыз өзгеріс.

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржы және несиелік қолдау жүйелерін жетілдіру мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама жаңа технологияларды, жаңа нарықты, инновациямен айналысатын және жаңа өнімді игеру тәуекеліне дайын динамикалы кәсіпкерліктің дамуына бағытталған.

Үшінші мәселе: кәсіпкерлер несиені алу кезінде туындайтын қиыншылықтар мәселесі. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп отырған бұл мәселе субъектілердің өзінің инвестициялық және айналымдағы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады. Республика бойынша ШОБ субъектілерімен жүргізілген анонимді сауалнаманың мәліметтері бойынша, шағын бизнестің алдында тұрған ең негізгі мәселе – несиелік ресурстарға шығу жолының қиындығы.

Төртінші мәселе: шикізатпен қамтамасыз етілуі мен өнімді өткізуі. Өнімді өткізу кезінде қиыншылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі – бәсекелестік ортаның жоғарылығы. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кері әсер ететін басқа да факторлар шағын кәсіпкерліктің қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамадағы нормалардың жетілдірілмеген және кей жағдайда нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедергілерді ұлғайтуға әкеледі [3, 81б.].

Шағын және орта кәсіпорындардың тиімділігі және артықшылығы – олар аса үлкен қаржыны керек етпейді. Шағын және орта бизнес халықтың әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, жалақының уақытында төленіп отыруына себін тигізетіні сөзсіз. Бүгінгі Қазақстан жағдайында кәсіпкерліктің осы түрін дамытуға кеңінен жол ашылды. Соның бірі – шағын несиелендіру, оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиені қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бүгінгі күні отандық банктеріміздің барлық капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Коммерциялық банктердің шағын бизнесті несиелеу механизмі мәселелеріне әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларды өндіру керек. Ал коммерциялық банктер экономиканың нақты секторын несиелеуі ұлттық экономиканың өсуіне қосқан үлесі болмақ. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттіктерінің шаруашылық өмірі үшін әрі тиімді де пайдалы.

Коммерциялық банктер көбінесе заңды тұлғаларды және қысқа мерзімді несиелеуді жақтайтыны – тарихи қалыптасқан жағдай. Алғашқы құрылу кезінде шағын бизнес несиесіз өз жұмысын атқара алмайды.

Қорытындылай келе, шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы елдегі қолайлы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және саяси еркі қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде ерікті қолдау мен нығайту шағын және орта кәсіпкерліктің кең ауқымды дамуына жол ашады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, 17 қаңтар 2014ж.
2. 2010-2014 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру Бағдарламасы.
3. Кантарбаева А.К. Предпринимательство: Институционально-эволюционный подход. Алматы: Раритет, 2011 – 200б.

Джумабаева А.М.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

В статье сообщается о том, что нужно решить проблемы предотвращения ошибок в реализации экономической политики в сфере малого и среднего бизнеса и мероприятий для развития предпринимательской службы.

Ключевые слова: инновационный потенциал, предпринимательство, налоговая политика, экономическая политика, кредит, гарантия.

Dzhumabaeva A.M.

THE DYNAMIC OF DEVELOPMENT OF SMALL AND MIDSIZE BUSINESSES IN KAZAKHSTAN

The article reports that we should solve problems of prevention mistakes in realization economic policy in the field of small-scale business and measures for developing enterprise service.

Key words: innovation potential, entrepreneurship, tax policy, economic policy, credit, guarantee.

УДК 631.145 (574)

Карымсакова Ж.К.

Казахский национальный аграрный университет

ОСНОВНЫЕ ИНДИКАТОРЫ РЫНКА ТРУДА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме – безработице в Казахстане. Исследуются количественные и качественные показатели безработицы в регионе. Автор определил основные причины и особенности региональной безработицы.

Ключевые слова: Уровень безработицы, прирост населения, доход населения, заработная плата, прожиточный минимум, черта бедности

Алматинская область по ситуации, складывающейся на рынке труда, считается относительно благополучным регионом. Уровень безработицы в ней за последние три года варьировал в диапазоне 6,4-5,6%, что ниже на 0,2% пункта средне-казахстанского аналогичного показателя [1]. Тем не менее, наличие территориальных различий в

природных условиях и ресурсах, демографической базе и социально-экономическом потенциале придают социальному развитию региона специфический характер. Это подтверждается результатами, полученными в ходе анализа масштабов, динамики, продолжительности безработицы в исследуемом регионе.

Население области на 1 января 2013 года составило 1 946,7 тыс. человек. Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 8,4 человек. В области 16 сельских районов, 251 сельских и поселковых администраций, 10 малых городов, 1 поселок, относящийся к городской местности и 762 сельских населенных пунктов. Численность городского населения составляет 451,9 тыс. человек (23,3%), сельского – 1494,8 тыс. человек (76,7%). Преобладает сельское население.

По численности населения область на 1 января 2011 г. по текущим данным занимает второе место, уступая первенство Южно-Казахстанской области. По сравнению с 2009 годом численность населения области возросла на 69370 человек или 3,8% от базового года, что обусловлено положительным сальдо миграции и естественного прироста.

По количеству проживающих лидирует Енбекшиказахский (14,2%), Карасайский (13,9%), Талгарский (9,5%) районы Алматинской области [1]. Основным миграционным обмен области, по-прежнему, происходит с другими регионами республики.

Основным фактором сокращения бедности и достижения экономического благосостояния является возможность заниматься продуктивным трудом. Положение на рынке труда определяется в основном двумя группами показателей: показателями занятости и безработицы, то есть характеристиками доступности рабочих мест и показателями заработной платы.

В результате позитивных сдвигов, имеющих место в реальном секторе экономики, произошли заметные сдвиги на рынке труда. Занятость населения стала формироваться под влиянием спроса и предложения на рынке труда. В целом по республике численность безработных и уровень безработицы имеет тенденцию к снижению (табл.1). Из данных видно, что уровень безработицы ниже среднереспубликанского уровня и составляет 5,0%.

Обеспечение жителей области рабочими местами идет как в рамках «Дорожной карты бизнеса-2020», так и при помощи «Программы развития территории Алматинской области на 2011–2015 годы». С начала действия проекта за счет средств местного бюджета организованы оплачиваемые общественные работы для 9 302 безработных граждан, 474 человека получили социальные рабочие места, 2 150 человек прошли профподготовку, переподготовку и повышение квалификации, для 482 выпускников школ организована молодежная практика. Всего на 1 января 2013 года в области создано более 19 тыс. рабочих мест. Порядка 65% – в сельской местности.

Хорошие показатели демонстрируются и в реализации программы «Занятость-2020». В 2012 году ее участниками стали более 6,6 тыс. человек. За полтора года обучением были охвачены 8,1 тыс. человек, трудоустроены на социальные рабочие места 1,3 тыс., молодежную практику прошли 900 человек. Программа позволила открыть и расширить собственное дело 214 жителям области, получившим микрокредиты на сумму 475 млн. тенге. В результате принятых мер по улучшению ситуации на рынке труда общий уровень безработицы снизился с 5,6% в 2010 году (до начала старта Программы занятости-2020) до 5% в 2012 году.

Численность наемных работников в апреле 2013 года составила 228,7 тыс. человек, из них на крупных и средних предприятиях 184,9 тыс. человек, что больше по сравнению с апрелем 2012 года на 16,2 тыс. человек (7,6%) и на 14 тыс. человек (8,2%) соответственно. На конец апреля 2013 года на предприятиях имелось 1096 вакантных мест (0,5% к списочной численности).

По данным Управления координации занятости и социальных программ Алматинской области в уполномоченные органы по вопросам занятости по вопросу

трудоустройства в апреле 2013 года обратились 2806 человек, из них сельских жителей – 2102 человека. Численность граждан, состоящих на учете в органах занятости в качестве безработных, на конец апреля 2013 года составила 5146 человек, что на 979 человек (на 16%) меньше, чем в апреле 2012 года и на 1583 человека (на 44,4%) больше, чем в марте 2013 года.

Структура доходов в разрезе источников является важной характеристикой процесса формирования благосостояния домохозяйств. Структура денежных доходов домохозяйств дает представление, какой из источников доходов наиболее значим для домохозяйства. Изменение структуры денежных доходов населения также может быть одним из факторов, оказывающих влияние на усиление или, наоборот, ослабление дифференциации населения по доходам. Денежные доходы населения формируются за счет получения заработной платы, пенсий, стипендий, пособий, доходов от продажи товаров, произведенных в собственном хозяйстве, в виде платы за оказанные услуги, поступлений от продажи личного имущества, сдачи его в аренду.

В Казахстане в 2010 г. наибольший удельный вес в структуре денежных поступлений домашних хозяйств занимали доходы от трудовой деятельности (оплата труда и предпринимательский доход), которые составили 80,9%, при этом доход от работы по найму составил 71,3% от всех доходов домохозяйств, доход от самостоятельной занятости и предпринимательской деятельности 9,6%, пенсии - 11,9%, стипендии – 0,3%, АСП и жилищная помощь – 0,1%, материальная помощь от родственников, алименты, прочие доходы – 3,3%.

По результатам исследования, проведенного Казахстанским институтом социальных исследований при Президенте РК в 2011 г., у 56,7% населения страны основным источником дохода является заработная плата, при этом 8,9% имеют еще время от времени дополнительный доход, а 3,4% постоянный дополнительный доход. У 8,3% источником дохода является доход от собственной предпринимательской деятельности. 11% респондентов имеют случайные заработки [2].

Если рассмотреть структуру денежных доходов населения Алматинской области в динамике, то за период 2007-2011 гг. номинальная заработная плата увеличилась. Самая высокая оплата труда у работников в сфере информационной связи - 97 914 тенге, финансовой и страховой деятельности – 97 664 тенге, промышленности – 92671 тенге.

В апреле 2013 года среднемесячная номинальная заработная плата одного работника составила 78375 тенге и выросла по сравнению с апрелем 2012 года на 7%. Повышение оплаты труда наемных работников в апреле 2013 года по сравнению с аналогичным месяцем 2012 года отмечается по всем видам экономической деятельности, за исключением профессиональной, научной и

технической деятельности и искусства, развлечений и отдыха. При этом высокий уровень оплаты труда сохраняется в финансовой и страховой деятельности.

В марте 2013 года среднедушевые номинальные денежные доходы населения составили 43187 тенге, что на 16,2% выше, чем в марте 2012 года, реальные денежные доходы за указанный период возросли на 9%.

Принципиальное значение имеет то, какова в структуре доходов населения доля доходов от собственности и доля доходов от предпринимательской деятельности. Расширение масштабов малого бизнеса, развитие финансовой инфраструктуры, которые наблюдались в Казахстане в последние годы, должны стимулировать рост доходов от собственности и предпринимательской деятельности и доля этих доходов в структуре денежных доходов населения должна расти. Однако в Казахстане доля доходов от собственности остается на низком уровне: с 2001 по 2009 гг. она незначительно выросла с 0,4% до 0,7%, а в 2010 г. снизилась до 0,5%. Доля дохода от самостоятельной занятости и предпринимательской деятельности в период с 2006 г. по 2010 г. носила устойчивую

тенденцию к снижению: с 11,8% в 2006 г. до 9,6% в 2010 г. Необходимо развивать программы поощрения малого бизнеса и обучения самозанятых, которые представляют 33% занятого населения и доведения их доли в доходах населения, по крайней мере, до 20% за счет повышения числа активных предпринимателей.

Доля социальных трансфертов в общем объеме доходов существенно не менялась и по состоянию на 2010 г. составила 15%. То есть основные составляющие денежных доходов населения: доход от трудовой деятельности, социальные трансферты росли в период с 2001 по 2010 гг. равными темпами, вследствие чего сильных структурных перераспределений не происходило.

В доходе сельских домашних хозяйств значительную часть занимают доходы от работы по найму (63,5%), но они составляют сравнительно меньшую долю, чем в городе. При этом большую роль, нежели в городе на селе играют доходы от самостоятельной и предпринимательской деятельности (15,8%), которые в первую очередь складываются из денежных поступлений от продажи сельскохозяйственной продукции, произведенной в фермерских и личных подсобных хозяйствах.

Величина прожиточного минимума в среднем на душу населения, рассчитанная исходя из минимальных норм потребления основных продуктов питания, в апреле 2013 года составила 18284 тенге (продукты питания – 10970 тенге, непродовольственные товары и платные услуги – 7314 тенге) и относительно декабря 2012 года увеличилась на 3,7%.

В районах разрезе наиболее высокая величина прожиточного минимума сложилась в Карасайском (19347 тенге), Талгарском (19152 тенге), Панфиловском (19060 тенге), Жамбылском (18972 тенге), Райымбекском (18932 тенге), Илийском (18867 тенге), Алакольском (18300 тенге) районах и городах Капчагае (17617 тенге) и Текели (17403 тенге), самая низкая в Ескельдинском (16828 тенге), Каратальском (16862 тенге), Коксуском (17047 тенге), Балхашском (17212 тенге), Аксуском (17352 тенге), Саркандском (17643 тенге) и г. Талдыкорган (15950 тенге).

Как видно по данным таблицы 1, доля населения, имеющего доходы ниже величины прожиточного минимума сократилась значительно с 30,3% до 1,7%. Доля низкодоходного населения больше в сельской местности.

Таблица 1 - Доля низкодоходного населения Алматинской области в процентах

	Доля населения, имеющего доходы ниже величины прожиточного минимума	в том числе		Доля населения, имеющего доходы ниже стоимости продовольственной корзины
		в городской местности	в сельской местности	
2005	30,3	24,8	32,6	3,8
2006	21,3	20,0	21,9	3,4
2007	18,1	5,2	20,3	3,1
2008	20,1	8,9	22,0	4,0
2009	15,5	6,7	17,1	1,6
2010	6,6	3,8	7,6	0,1
2011	1,7	1,3	1,9	0,2
Примечание – оперативные данные Департамента статистики Алматинской области, http://www.almatyobl.stat.kz				

Динамика снижения уровня бедности населения - это очень важный показатель. Как мы видим, по данным за 2009-2012 гг. динамика уровня бедности снизилась, это говорит о

том, что наша страна принимает различные меры по снижению бедности, и что они проходят успешно.

Среди государственных мер по снижению бедности выделяют:

- создание условий для роста производства и, соответственно, тем самым для увеличения денежных доходов населения;
- поддержание макроэкономической стабильности;
- проведение антиинфляционной политики;
- установление минимального размера оплаты труда;
- разработка социальных программ и механизмов их реализации.

Черта бедности в Казахстане устанавливается на уровне 40% от величины прожиточного минимума, рассчитанной Агентством по статистике РК за предыдущий квартал. Черта бедности в Казахстане – граница дохода, необходимого для удовлетворения минимальных потребностей человека, устанавливаемая в стране в зависимости от экономических возможностей. Черта бедности служит критерием для оказания социальной помощи малообеспеченным гражданам. Таким образом, необходимо отметить, что в Республике Казахстан работа по снижению бедности предусматривала создание целенаправленной программы, которая включает меры по созданию условий для экономического роста, меры по поддержанию макроэкономической стабильности, по проведению антиинфляционной политики и т.д.

Литература

1. Экономическая активность населения Казахстана. Статистический сборник / 2012 - 376 с. Под редакцией А. Смаилова

2. Оперативные данные Департамента статистики Алматинской области, <http://www.almatyobl.stat.kz/ru/>

Қарымсақова Ж.Қ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Мақала, ең өзекті мәселелердің бірі - ҚР жұмыссыздықты талқылауға арналған. Автор, аймақтық жұмыссыздықтың сапалық және сандық көрсеткіштерін қарастырады. Сондай-ақ, Алматы облысындағы жұмыссыздықтың себептері мен ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздер: жұмыссыздық деңгейі, халық санының өсуі, халықтың табысы, жалақы, күнкөріс минимумы, кедейшілік сипаттары.

Karymsakova Zh.K.

MAIN INDICATORS OF THE LABOUR MARKET OF ALMATY AREA OF KAZAKHSTAN

This article shows opinion on actual problem – unemployment in Kazakhstan. Quantitative and qualitative factors of unemployment are being examined in regions. Author found out essential causes and features of regional unemployment.

Key words: Unemployment rate, increase of population, population income, salary, living wage, line of poverty.

Молжигитова Д.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Жер ресурстары – бұл қоғамның материалдық, мәдени және өзге де мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған шаруашылық және басқа қызметтерінде пайдаланылатын және пайдаланылуы мүмкін жер. Ол жерге орналастыру мен экономиканың барлық салаларының қажетті өндірістік факторы болып табылады.

Кілт сөздер: жер ресурстарын басқару, жер ресурстарын басқару жүйесінің әсері, басқару тиімділігі, жер ресурстарын аумақтық басқару.

Кіріспе

Қазіргі заманғы кезеңде жер саясатын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Жер кодексінің ережелерін іске асыру, сондай-ақ жер ресурстарын басқаруды жетілдіруге, жер қатынастарын реттеуге, жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге, топырақтың құнарлылығын сақтауға және жер ресурстарын қорғауға бағытталған мемлекеттік және салалық бағдарламалардың іс-шараларын орындау негізгі бағыт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару, оның жерге орналастыру және топографиялық-геодезиялық кәсіпорындары жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі нақты іс-шараларды жүзеге асырады. Мемлекеттік жер кадастрын және автоматтандырылған ақпараттық жүйені жасау және жүргізу, азаматтар мен заңды тұлғаларға әр түрлі мақсаттарға жер учаскелерін ресімдеу, ақылы жер пайдалануды және жер нарығын дамытуды жетілдіру, топырақ және өсімдік қабатының жай-күйін зерделеу, жер картасын жасау және қажетті геодезиялық өніммен қамтамасыз ету, жер мониторингін жүргізу, жер заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылаудың жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар және қазіргі заман жағдайында қажетті көптеген басқа да жұмыстардың түрлері жүргізілуде.

Жер заңнамасына сәйкес республикада нарықтық экономика жағдайында жерді пайдалануға жаңа көзқараспен көп функционалды жер кадастрының моделін жасау, оны автоматтандырылған технологияларға ауыстыру және бір мезгілде «Электронды үкіметке» кіретін жалпымемлекеттік ақпараттық жүйелердің құрамдас бөлігі болып табылатын жер ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жұмыстар жалғасын табады.

МЖК ААЖ жекелеген құрамдас бөліктері мен элементтерінің жаңа жүйелері мен кіші жүйелерін жаңғырту, бағдарламалық және техникалық қамтамасыз ету, әзірлеу, жер учаскелері туралы деректерді өзекті ету, МЖК ААЖ бүкіл жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға беруді аяқтау жөнінде көп жұмыстар жасалуда.

Жер-кадастрлық ақпараттың атрибутивті және графикалық бөліктері арасында пайда болған диспропорцияны жою үшін жер учаскелері шекараларының айналмалы нүктелерін құралдық үйлестіру, оларды заңды сәйкестендіру және алынған координаталар бойынша деректерді МЖК ААЖ графикалық базасына енгізу жөніндегі далалық геодезиялық жұмыстарды қамтитын бұрын үйлестірілмеген жер учаскелерін межелеу жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалануды жақсартуда аумақты ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу, жер бөлу мәдениетін арттыру,

эрозияға қарсы және басқа да табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру бірінші дәрежелі мағынаға ие.

Осы мақсатта:

-жерді пайдалану мен қорғаудың республикалық және өңірлік бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуді орындау;

-ландшафты-экологиялық тәсіл негізінде агроқұрылымдардың аумағын шаруашылықишілік ұйымдастыру жобаларын жасау;

-егіншіліктің және ғылыми негізделген егіс айналымдарының аймақтық жүйелерін енгізу және игеру;

-ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне паспорт беруді аяқтау;

-суармалы жерді пайдалануды жақсарту, жердің тұздануына, жел және су эрозиясына қарсы күрес жөніндегі техникалық жобаларды және басқаларын әзірлеу қажет.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы және елді мекендердің жерін түгіндеуді жүргізу жұмыстары қазіргі кезде қарқынды жүруде. Ауыл шаруашылығы және өзге де мақсаттар үшін босалқы жерді тарту және игеру жөнінде бағдарлама жасалып қарастырылып жатыр. Қазіргі уақытта жер ресурстарын өңірлік басқару жүргізіліп отырған жер реформасы жағдайларында жүзеге асырылуда және осы жер реформасының нәтижесінде жерге меншік құқығының құрылымы түбегейлі өзгеріске ұшырады, жерді пайдаланушылар арасында қайта бөлудің нарықтық тәсілдері анықталды, қалыптасқан жағдайларда басқарудың әдістері мен механизмдері негізделді. Республиканың барлық өңірлерінде дерлік ауыл шаруашылығы жерлері барлық жердің 70-80%-ын алатындығын ескеретін болсақ, жер реформасы жағдайында оларды пайдалану тиімділігін көтеру ерекше маңызды міндет болып табылады.

Кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі жерді тиімді пайдалану үшін жағдайлар құру болып саналады. Бұл мәселені шешудегі маңызды орынды жер қатынастарын реттеу жүйесі, жерге меншік, жер ресурстарын басқару және т.б. алады.

Жерді тиімді пайдалану және қорғау – барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтудың, ауылды жедел қайта көркейтудің және халық шаруашылығының барлық салаларында жер ресурстарының потенциалын сақтап қалудың маңызды шарты.

Аграрлық сектор субъектілерінің сапалық құрамын анықтау, оларға бекітіліп берілген жер учаскелерін пайдалану тиімділігін белгілеу және ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын жерлерді мемлекеттік меншікке алып қою жөнінде ұсыныстар дайындау қажет.

Ауыл шаруашылығына арналған жерлерді пайдалануды жақсартуда аумақты ұйымдастырудың инновациялық жобаларын енгізу, егін шаруашылығын көтеру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің белгіленген технологиясын сақтау, ұсынылатын ауыспалы егістерді игеру, эрозияға қарсы және табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру бірінші дәрежелі орын алады[1].

Ауыл шаруашылығына арналған жерді ұтымды пайдалану мәселелерінде үнемді егін шаруашылығын ендіруге басты орын беріледі. Бұл мәселені жүзеге асыру жөніндегі жерге орналастыру шаралары ылғал ресурстарын үнемдеу технологияларын енгізумен бірге, ландшафтық-экологиялық тәсіл негізінде агроқұрылымдар аумағын ішкі шаруашылық ұйымдастыру схемаларын (жобаларын) дайындау арқылы жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік босалқы жерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту бұрынғысынша күрделі мәселе болып қалып отыр. Сондай-ақ, ауданы үш млн гектардан асатын егістікке жарамды жерлерді айналымға игеру бойынша да іс-шаралар қабылдау қажет.

2014 жылы және одан кейінгі жылдарда жер саясатын жүзеге асырудағы келесідей негізгі мәселелер мен міндеттерді шешу мәселелері тұр: экономикалық әдістер негізінде жер ресурстарын басқару механизмдерін жетілдіру; жерді жылжымайтын мүлік объектісі ретінде айналымға тарту, жер нарығын дамыту; ақылы жер пайдалану мен жер

ресурстарын ұтымды пайдалануды және қорғауды ынталандыру; жер туралы мемлекеттік ақпараттық ресурс құру және жер ресурстарын тиімді басқару экономикалық механизмінің негізі, жылжымайтын жер мүлігіне құқықтарды қорғаудың басты кепілі ретінде мемлекеттік жер кадастрының бірыңғай жүйесін жетілдіру.

Жер ресурстарын пайдалану тиімділігі жердің сапалық жай-күйі туралы сенімді ақпаратты қажет етеді. Осы мақсаттар үшін топырақ және геоботаникалық зерттеулер жүргізу, топырақты бонитеттеу, координацияланбаған жер учаскелерін межелеу бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Жер заңдарының сақталуын, жер кадастрын жүргізудің дұрыстығын, жерді ұтымды пайдалану мен қорғау бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету мақсаттарымен жер ресурстарын пайдалауға және қорғауға мемлекеттік бақылау күшейтілуі тиіс [2].

Жер әртүрлі қызметтерді: дербес табиғат объектісі ретінде ол экологиялық қызметті, адамның тіршілік ету орны мен өмір сүру шарты ретінде – әлеуметтік; мемлекет аумағы және мемлекеттің ықпал етуінің кеңістікті шегі ретінде – саяси; шаруашылық жүргізу объектісі ретінде – экономикалық қызметтер атқарады. Ресурстың бұл көзі қоғамдық материалдық өндірістің және әлеуметтік қызметтің өзге салаларының барлық кезеңдеріне қатысады. Сонымен, жер алуан түрлі көптеген игіліктер көзі.

Жер ресурстары – бұл қоғамның материалдық, мәдени және өзге де мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған шаруашылық және басқа қызметтерінде пайдаланылатын және пайдаланылуы мүмкін жер. Ол жерге орналастыру мен экономиканың барлық салаларының қажетті өндірістік факторы болып табылады.

Жер ресурстары салық салу объектісі болып саналып, сол арқылы бірлескен қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу процесіне қатынасады; өңірлік өндіру жүйелерін құрылымдық трансформациялауда аумақтық түрде қатысады; жер табиғи объект ретінде құнарлы сипаттарға ие; жерге меншік құқығын сипаттауда ұзақ мерзімді салымдар мен тұрақты табыс түсімінің сарқылмас көзі болып табылады және бұл инвестициялық тәуекелді төмендетіп, инвестицияның келуіне ықпал етеді [3].

Сонымен, жер ресурстарын басқару, бір жағынан, ұлттық байлықты сақтау мен жер учаскелерін айналымға тарту мәселелерін жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының қызметі, екінші жағынан – жерді пайдаланудың тиімділігін көтерумен байланысты болатын және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған арнайы мақсатты процесс болып саналады.

Әдебиеттер

1. Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж. Экономико-правовой механизм управления земельными ресурсами. – Алматы, 2006. – 316 с.
2. Варламов А.А. Земельный кадастр: управление земельными ресурсами. – М., 2009. – 527с.
3. Комов Н.В., Аратский Д.Б. Методология управления земельными ресурсами на региональном уровне. – Нижний Новгород, 2000.- 246 с.

Д.К. Молжигитова

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ В УПРАВЛЕНИИ ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ

Управление земельными ресурсами представляет собой, с одной стороны, деятельность органов государственной власти, осуществляющих решение задач по

сохранению национального богатства и вовлечению земельных участков в оборот и с другой - целенаправленный процесс, связанный с повышением эффективности использования земель, направленный на социально-экономическое развитие региона.

Ключевые слова: сельскохозяйственное производство, управление земельными ресурсами частная собственность на землю, использование пашни, эффективное использование земель, крестьянские хозяйства.

D.K. Molzhigitova

MAIN DIRECTIONS AND PROBLEMS FOR IMPROVING OF MANAGEMENT OF LAND RECOURSES

Regional land resource management represents on the one hand activity of government bodies, solving a problem on saving national resources and involving plot of land in turnover and on the other hand purposeful process, connecting with increasing of the efficiency of using land, aimed at social economic development of region.

Key worlds: land use, agricultural production, private ownership of land, the use of arable land, efficient use of land, farms

ӘОЖ 347.77.043

Мукамеден Д.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ПАТЕНТТІК ҚОРҒАУ ӘДІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАТЕНТТЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Андатпа

Бұл аталған мақалада патенттің ерекшеліктері, оның маңызы, патенттік құқықтық рәсімделудің заңдағы бөлшектенген процедурасы көрсетілген. Патенттеудің мақсаты өнертабыстың ашылу дәрежесін, белгілі аумаққа сай маманның патент мазмұнын оқып соған байланысты кіретін техникалық шешімдерін қарастырады.

Кілт сөздер: Патенттік құқық, Патент туралы заң, мекеме, келісім-шарт, монополия.

Экономикалық және құқықтық патенттің рөлі туралы көптеген тұжырымдар әдебиеттерде келтірілген екі жүз жылдық өмір сүруі бар патенттік қорғау формасының техникалық шығармашылығы негізінде қаланды.

Осылайша, патентті арыз туралы құжат және келісім шарт ретінде бағаланады. Патенттік негізде қаланған құқық мемлекеттік құқықпен арызданған деп аталады. Бірақ мұндай қарым-қатынастық көзқарасы әрқашан бірдей және патент иеленуші өз кезегінде мемлекет үшін пайда тигізуі қажет. Арызға жауап ретінде патент иеленуші мемлекет пен қоғамға, көп уақыт бойы белгісіз болған өзінің өнертабысын ашады. Бұл біркелкілік патентті келісім шарт негізінде талқылауға мүмкіндік береді, ол қорғау құжатында емес патенттік заңда бекітілген.

Патенттік түсінік монополиялық және объекті өндірістік жекешелендіру ретінде кеңінен таралған. Патент иеленуші өзінің өнертабысын қолдануға жекелік құқыққа ие, монополиялық құқықтың зат иеленуші құқығымен ұқсастығы осында. Бұл объекті басқарушы тұлғаның рұқсатынсыз қолдану заң бұзушылық болып табылады. Ескере

кететіні, патенттік монополия жеке өндіруші монополизмі мен белгіленген аумақтағы жылу мен электр энергия сияқты кең түрде таралмаған.

Патент иеленуші бұрын соңды қолданыста және қоғамға белгісіз болмаған түрді монополизациялайды. Патент иеленушінің монополдік құқығы шығармашылықты және жаңа тауардың құрылуын стимулдайды, сондықтан патенттік монополия рыноктың экономика үшін өтімді және қалулы болып табылады [1].

Патенттің көрсетілген ерекшеліктері оның маңызды, патенттік құқықтық рәсімделудің заңдағы бөлшектенген процедурасы болып табылады. Патенттеудің мақсаты өнертабыстың ашылу дәрежесін, белгілі аумаққа сай маманның патент мазмұнын оқып соған байланысты кіретін техникалық шешімдерді қарастырады. Бұл көрсетілген монополия үшін төлем болып табылады. Өнертабыс барлық еріктілер үшін патент мазмұнының публикация түрінде немесе патент және патенттік өтініш ретінде беріледі. Бірақ патент алу мүмкіндігін жалпыға ортақ ереже ретінде қарастыруға болмайды. Осылайша 24, 25-баптарда көрсетілгендей өнертабысқа патент берілмейді, егер де сол автор жұмысының мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық бірлестік, ұйым мен мекеме тапсырмасы бойынша немесе авторға сондай ұйымдардан көмек көрсетілген жағдайда. Шетелдік тұлғамен біріккен өнертабысқа совет азаматына патент өзге түрде берілген, сондай авторлық куәлік иесіне берілетін құқық пен жеңілдіктер болды [2, С. 42].

Объект түріне байланысты патенттік қорғаудың өзіндік дискриминациясы болды. Саяси түсінікке байланысты саяси өндірістің қайталанбас жақсы жағдайын жасау үшін 25-бапта бекітілген, тек авторлық куәлікке (патентке емес) тағайындалған, химиялық жолмен алынған, дәрілік заттар, профилактикалық әдістер, диагностика немесе адамдар сырқаты мен жануарларды емдеу.

Социалдық жүйе қалауының көп бөлігі шаруашылық қорғау құжаттарының өндірістік үлгіні авторлық куәлікке бағыттау болды, «өнертабысты мойындау, өнертабыстың өркендеуі, өнертабысқа авторлық, мемлекеттің өнертабысқа деген шектелген құқығы» анық дәлелі.

Автор қызығушылығы өнертабысты шығару мен қолданудағы төлемді, пайданы, мемлекет ішінде өнертабысты іске асыру мен оның шет елге сатуы көзделді.

Жоғарыда белгіленген патент ерекшеліктері келесідей патенттік қорғаудың түгелдей дерлік құжаттарды көрсетеді:

- қорғалатын объектің шектелген ортасы;
- патенттік құқықтың пайда болуының ерекше процедурасы; патент иеленушінің комплекстік құқығының бекітілуі, сондай-ақ объекті қолдану құқығының бекітілуі;
- уақытша және территорияльды мінезді құқықтың іске асуы (қорғау құжаты);
- ерекше құқықтың заңды мүмкіндігінің шектеулігі.

Айта кетейік, негізгі патенттік форманың өндірістік қорғау аспектісі біздің елдің заңында толық түрде көрсетілген.

Сонымен бірге Қазақстанның патенттік жүйесі көп түрде айқын және келесідей аспектілерге толығырақ тоқтаған жөн.

Көп жағдайда Қазақстанның патенттік жүйесі келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

- а) қорғалатын объектің шектелген ортасы.

Көптеген ойлар бойынша патентпен кез-келген жаңа ойларды қорғауға болады, ғылым мен техниканың жетістігі, бизнестік ұйымдық шешімдердің сәтті болуы және т.с.с, бірақ, бұл қателік, өйткені патент тек қатаң түрдегі анықталған ортадағы объектке беріледі.

Қазіргі уақытта үш объекті айтуға болады регистрациялық куәлікті растайтын құқықтық тауар белгісі, тауар атауының шығу орны және интегралдық микросхеманың топологиясы, осының барлығын ҚР-ның патенттік жүйесіне жатқызуға болады.

б) патенттік құқықтың пайда болуының ерекше процедурасы.

Патенттік объектің айқындалуы өзіндік техникалық түрлі қиындықты шешімдерді қабылдайды, бірақ ерекшелігіне қарағанда, авторлық құқықтың объектісінің анықтылығымен салыстырмалы түрде қайталанбалы [3, С. 28].

Бір уақыт ішінде бірнеше ғалымдар бір-бірінен тәуелсіз түрде бірдей емдеу әдісі мен дәрілік заттарды ойлап табулары әбден мүмкін. Мұндай жағдайлар нақтыланған тұлғаға нақты өнертабысы үшін қорғау құжатын эффективті түрде берудің түрлі жолдарын қарастырады. Міне, сондықтан патенттік процесс немесе өндірістік объектің патенттелуі ұзақ та, еңбек талап ететін кейбір баға бойынша бюрократиялық процесс болып табылады.

Схематикалық патенттеу процедурасын келесі түрде анықтауға болады: патенттеу ведомствоға өтініш түсіру - өтініш қабылдау бөлімдегі формальды экспертиза өнертабыс бөліміндегі экспертиза және пайдалы модельге қорғау құжатын беру туралы шешім-берілетін патент туралы басылым - патент иеленуші қолына қорғау құжатын беру.

Процестің жалғасып кетуі тікелей елде және өзге елде қабылданған патенттік жүйеге байланысты соңғы нәтижеде қорғау құжатын алуға немесе “мықты патент” алу деген түсінік қалыптасқан. Патенттеу жүйесі туралы сұрақтар біздің елде мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап қолға алынған [4, С. 89].

Бірінші негіз бойынша авторлық және өтініштік жүйесін атап көрсетуге болады. Авторлық жүйе бойынша патент иеленуші өнертабыстың ғана авторы бола алады немесе құқық қабылдаушы, сондай-ақ автордың есімі міндетті түрде өтініш материалдарында көрсетілуі тиіс, егер ол арнайы түрде автор есімін жариялауды қаламаған жағдайды ескеретін болсақ. Мұндай жүйе мысалы АҚШ-та қабылданған.

Өтініштің жүйеде патент иеленуші болып бірінші өтініш беруші - автор, оған ешқандай қатысы жоқ (потенциалды инвестор, жоғары тұрған басқарушы, тұлға, авторлықты иемденіп алушы және т.с.с). Барлық Европа елдері, көптеген әлемнің басқа елдерінде, өтініштік жүйе қалыптасқан. Қазақстанда тыс қалған жоқ, өйткені КСРО кезінде де өтініштік жүйе болған.

Екінші негіз бойынша (патенттік экспертиза процесі), өтініштік, тексерілетін және аралық патенттік жүйесі кіреді, 1992 ж ҚР-на қандай экспертизалық жүйені таңдау туралы алдында мақсат болды [5, С. 112].

Әдебиеттер

1. Стратегия индустриально-инновационного развития РК на 2003-2015 гг.
2. Программа по формированию и развитию национальной инновационной системы Республики Казахстан на 2005-2015 годы. - Астана, 2005 – 42 с.
